

50 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



АРЗАН АҚЫЛ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТРАГЕДИЯ ТАҒЫЛЫМЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Мемлекет деңгейінде қабылданған әрбір шешімнің мән-маңызы, ең алдымен, халықтың тұрмысын жақсарту, экономиканы тұрақтандырып, әлеуметтік әділдік орнату үшін жасалған нақты істермен өлшенуге тиіс. Сонда біз жаңа тұрпатты, мықты ел боламыз.

№108
(4852)
Сенбі
13 қыркүйек
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Елордадағы №8 мектеп-лицейдің 9-сынып оқушысы Сүйіндік Медина жасанды интеллекті пайдалану арқылы жаңа әлеуметтік жүйе ойлап тапты.

Ол «Адал байланыс» деп аталатын жоба арқылы оқушылардың пікірін ескеріп, мектеп әкімшілігіне ұсыныстар мен шағымдарды дер кезінде жеткізуге мүмкіндік беруді көздейді, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Жаңа жүйе оқушы үнін ашық тыңдауға жағдай жасап қана қоймай, мектеп басшылығының да назарын аударды. Бүгінде аталған бастама тәжірибеден өтіп, білім ордасы ішінде қолданысқа енгізілген.

«Адал байланыс» жүйесі арқылы білім алушылар өздерінің қиындықтарын мектеп басшылығына жеткізіп, сондай-ақ жаңа идеяларын да ұсына алады.



Тіс емдеуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану үшін өтінім қабылдау 2026 жылдың 15 сәуірінен бастап қайта басталады. Бұл туралы Отбасы банк мәлімдеді.

Үкіметтің шешіміне сәйкес, 2025 жылдың 15 қыркүйегінен 2026 жылдың 15 сәуіріне дейін enpf-otbasy.kz платформасы арқылы стоматологиялық қызметтерге өтінім беру мүмкіндігі уақытша тоқтатылады. Бұл шектеу зейнетақы қаражатын мақсатсыз пайдалану және құжаттарды қолдан жасау фактілерінің жиілеп кетуіне байланысты енгізілді.



БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ – БАЯНДЫ БОЛАШАҚ

Ертең – елімізде Отбасы күні. Әрбір отбасынан мемлекеттің және қоғамның негізі құралады. Бүгінгі таңда елімізде отбасын нығайту және қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру бойынша жүйелі және кешенді жұмыс жолға қойылған. Отбасылық саясат – мемлекеттің басты басымдығы.

13-14 ҚЫРКҮЙЕК

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ


Қызылорда және Ақтөбе облыстары Астанаға өнім әкеледі. Жәрмеңке «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тас жолы, 1) сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін өтеді.



13 қыркүйек – 11 қазан аралығында

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЛЫҚ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. АСТАНА – ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ»



ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

УЕФА Атқарушы комитеті бірқатар халықаралық және клубтық турнирлердің шешуші ойындарын қабылдайтын қалалар анықталды.

Соның ішінде Қазақстан футбол федерациясы мен Қазақстан футзал қауымдастығының 19 жасқа дейінгі футзалшылар арасындағы Еуропа чемпионатының 2027 жылғы финалдық кезеңін Астана қаласында өткізу туралы өтінімі мақұлданды.

Осы шешімге сәйкес, Қазақстан жасөспірімдер құрамасы қабылдаушы ел ретінде автоматты түрде финалдық кезеңге жолдама алады. Жарысқа барлығы сегіз команда қатысады.

№108 (4852) 13/09/2025 Сенбі



ЕКІ ЖЫЛДА 850 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асыловты қабылдады. Президентке елдегі заң үстемдігінің жай-күйі мен прокуратура қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмыс нәтижелері баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа арнайы прокурорлардың қоғамда резонанс тудырған және мемлекет мүддесіне, сондай-ақ азаптауға қатысты аса маңызды қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысы жөнінде есеп берілді.

Биыл арнайы прокурорлар сотқа 55 қылмыстық іс жолдап, соның негізінде 112 адам сотталған. Тағы 80 іс соттардың қарауында жатыр. Арнайы прокурорлар тексерген істер бойынша жалпы сомасы 14,4 миллиард теңге залал өтелді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына қылмыстық жолмен тапқан кірістерді іздестірудің жаңа тәсілдері мен оны ел экономикасына пайдаланудың перспективасы жөнінде мәлімет ұсынылды. Қозғалған қылмыстық істер бойынша жалпы құны 105 миллиард теңге болатын мүлікке тыйым салынды. Соның ішінде прокурорлар басқа да құқық қорғау органдарымен бірге тек есірткіге қарсы істер бойынша 12 миллиард теңгеге жуық активтерді қолға түсірген. Бас прокурор Берік Асылов активтерді қайтару мәселесі туралы да айтты. Екі жыл ішінде прокуратура органдары арқылы 850 миллиард теңгенің активтері қайтарылды. Бұл қаражат өңірлерде 400-ге жуық әлеуметтік және коммуналдық нысан салуға жұмсалады. Бүгінде 60 ғимараттың құрылысы аяқталған.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында және бизнесті белсенді қолдау үшін Бас прокуратураға қарасты ведомствоның атауы өзгермек. Жаңа формат инвестицияға оңтайлы жағдай жасап, кәсіпкерлер мен инвесторлардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Тоқаев барлық салада заңдылықты қамтамасыз ету және қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар құқық қорғау және мемлекеттік органдардың алаяқтыққа, есірткі саудасына, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, вандализмге қарсы іс-қимылын, бизнесті негізсіз қылмыстық қудалауға жол бермеу жұмыстарын тиімді үйлестіру маңызды екенін атап өтті.

70 ЕЛГЕ ӨНІМ ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов LuLu Group International компаниясының негізін қалаушы Юсуф Али Мусалям Виттиль Абдул Кадермен кездесті.

Онда Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінде және сауда саласында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру перспективалары талқыланды. Юсуф Али бүгінде компания қазақстандық ет және ауылшаруашылық өнімдерін импорттап отырғанын және ынтымақтастықты кеңейтуге ниетті екенін мәлімдеп, мұндағы жоғары әлеует пен қолайлы инвестициялық жағдайларды атап өтті.

Компанияның Қазақстанда ет өңдеу зауытын және аграрлық өнімдерді сатып алу жөніндегі үлестіру орталығын салу жоспарына назар аударылды. Олжас Бектенов Қазақстан бұл бастамаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытатынын, аталған жобалар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда айтқан ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу жобаларын кеңейту жөніндегі міндеттерімен үндесетінін атап өтті.

Бүгінде қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдері 70-тен астам елге экспортталады. Еліміз бұл көрсеткішті саланың өнімділігін үш есеге арттыру есебінен екі есеге ұлғайтуды жоспарлап отыр. «Агроөнеркәсіп кешені еліміздің экономикасында қашанда маңызды орында. Қазақстан бірлескен агротехнопарктер мен экспортқа бағытталған логистикалық хабтар құрудан бастап, электронды коммерцияны және басқа да жобаларды дамытуға дейінгі ынтымақтастықты кеңейтуге дайын. Ол үшін елімізде барлық қажетті жағдай жасалған» деп атап өтті Олжас Бектенов. Кездесу қорытындысы бойынша мемлекеттік органдарға жобаларды жүзеге асыруға қажетті қолдау көрсету тапсырылды.

БАӘ-де орналасқан LuLu Group International компаниясы әлемнің 20-дан астам елінде 260-тан аса түрлі форматтағы сауда нысандарын басқарады. Ол – GCC (Парсы шығанағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі) аймағының жетекші ритейлері және Азия нарығындағы ең ірі ойыншылардың бірі. Қазіргі уақытта LuLu Group өзінің қатысу географиясын қарқынды түрде кеңейтіп, Қазақстанмен ынтымақтастықты дамытып келеді. Компания қазақстандық ұсақ мал етін импорттайды, сондай-ақ құс еті, бал, бидай, ұн, жарма және бұршақ дақылдары бағыттары бойынша қазақстандық өндірушілермен жұмыс істейді.



ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.

Президентке «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлықты іске асыру мақсатында атқарылған жұмыс нәтижесі баяндалды. Агенттік төрағасы мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту үшін 450-ден аса кәсіпорынды қамтитын тізім дайындалғанын жеткізді. Ұлттық жекешелендіру кеңсесі әзірлеген тізімдегі компанияларды бәсекелестік ортаға беру ұсынылады.

Марат Омаровтың айтуынша, негізгі тауарлар нарығындағы бәсекелестікті дамыту жұмыстары аясында биржалық қызмет заңнама талаптары мен қазіргі нарықтық сауда жағдайларына сәйкестендірілген. Бүгінгі таңда 3 тауар биржасы жұмыс істейді, ал Агенттікке аталған саладағы мемлекеттік бақылау функциялары берілген сәтте 22 биржа болған еді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысына ведомствоның алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспары таныстырылды. Кездесу соңында Президент экономиканың басты секторларындағы бәсекелестікті дамытуға, ведомство жүргізіп жатқан тергеулер мен тексерулерге, сондай-ақ шағын және орта бизнесті қорғауға байланысты бірқатар тапсырма берді.



ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ ҚАЛАЙ ЦИФРЛАНАДЫ?

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Астана қаласының әкімдігі Мемлекет басшысының «Жасанды интелект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын талқылады. «Цифрландыру арқылы құрылыс саласын жаңғырту: 2025 жылғы Жолдаудың басымдықтары» деген тақырыпта өткен басқосуға оқу орнының басшылары мен профессор оқытушылары, студенттер және Астана қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов қатысты.



Райхан РАХМЕТОВА

«Жолдауда Мемлекет басшысы қоғамның барлық саласына ЖИ мен цифрландыруды жүйелі енгізу туралы айтты. Соның ішінде құрылыс саласына сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадр дайындауға тоқталды. Кез келген бастаманың негізі оқу орындарының қабырғасынан басталатыны белгілі. Барлық саладағы жобалар, жұмыстар сапалы кадрлық әлеуетке байланысты жүзеге асады. Сондай кадрларды университеттер білім беріп тәрбиелеп шығарады. Олар академиялық білімнің негізін осындай оқу орындарында алады. Сондықтан бұл ретте бірінші кезекте назар студенттер, магистранттар, аспиранттар, докоранттармен жұмысқа аударылатыны белгілі. Осы жолда сіздерге сәттілік тілеймін, – деді әкімнің орынбасары.

Кездесуде Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахымжан Тұрысбек, университеттің Әлеуметтік және инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректоры Ләззат Төлегенқызы, Инфрақұрылымды дамыту департаменті құрылысты бақылау инженері Азат Садықов, Онлайн оқыту департаментінің директоры Ләйлә Сәбитова, Құрылыс кафедрасының қауымдастырылған профессоры Жанболат Шахмов, Саясаттану кафедрасының қауымдастырылған профессоры Бибігүл Бөлегенова, Ақпараттық технологиялар факультетінің 3-курс студенті, Студенттік Парламент мүшесі Серік Қалдан баяндама жасап, Жолдаудағы құрылыс саласына қатысты маңызды міндеттер жөнінде ойларымен бөлісті. Олар «Құрылыс саласындағы инновациялар», «Жолдау – 2025 жаңа ұлттық идея ретінде», «Жастар және елдік ұстаным» тақырыптарына кеңінен тоқталды.

ЕҰУ ғалымдары тарихи маңызды құжаттың анықтығы, қабілеттілігі және бүкіл қазақстандық қоғам алдында тұрған нақты міндеттері жайлы атап өтті.

«Президент өз сөзінде экономиканы әртараптандыру, жаңа технологияларды енгізу, әлеуметтік салаларды дамыту және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған басым міндеттерді айқындады. Сондай-ақ қоғамдағы тұрақтылықты сақтау мен мемлекеттік институттардың тиімділігін арттырудың маңыздылығына тоқталды» деп атап өтті проректор Ләззат Төлегенқызы.

Университет өкілдері профессор-оқытушы ретінде цифрландыру, құрылыс, су рурстары саласындағы инновациялық талаптарға ерекше назар аударды. Оқытушылардың айтуынша, жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру үрдісін ескере отырып, университет түлектерінің білім сапасын арттыру қажет.

50 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Астанада биыл жалпы ұзындығы шамамен 12,5 шақырым болатын жаңа жолдар салынады. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



– Қаланың жол инфрақұрылымын жүйелі түрде дамытып келеміз. Биыл жалпы ұзындығы шамамен 12,5 шақырым болатын жаңа жолдар салынып, ұзындығы 58 шақырымды құрайтын 50 көше жөндеуден өтеді. Бұл жол жабындысының сапасын арттыруға, көлік кептелісін азайтуға және қозғалыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді, – деді әкім.

– Шahap басшысының айтуынша, бүгінге дейін ұзындығы 49 шақырым болатын 41 көшеде, мәселен, Абылай хан даңғылы А.Пушкин көшесінен Манас көшесіне дейін, Фахд бен Абдул Азиз көшесі Байсейітова көшесінен Бейсекова көшесіне дейін, Сейфуллин көшесі Сарыарқа даңғылынан Республика даңғылына дейін, Жұмабаев көшесі Момышұлы даңғылынан Қошқарбаев даңғылына дейін, Бөкей көшесі Оқжетпес көшесінің соңына дейін, Ақбидай көшесі Қ.Кемеңгерұлы көшесінен Өндіріс көшесіне дейін және т.б. жерлерде жұмыс аяқталды.

Сонымен қатар биыл Ш.Бейсекова көшесі мен Н.Тілендиев даңғылының қиылысындағы көлік айрығында жол өтпесі және съездердің аралықтары



орнатылады. Бұқар жырау көшесіндегі (Жошы хан көшесінен Тәуелсіздік даңғылына дейін) жоба толық жол инфрақұрылымын қамтиды: тротуарлар, жарықтандыру, бағдаршамдар, инженерлік желілер. Бүгінге дейін абаттандыру жұмысы жүргізіліп, асфальттың үстіңгі қабаты төселді, бағдаршам нысандары мен жарықтандыру тіректері орнатылды. Қазіргі уақытта қуат беру кабельдерін тарту, сондай-ақ «Заман» және «Ізет» тұрғын үй кешендері аумағында абаттандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Жобаны жыл соңына дейін аяқтау көзделуде.

– Қайсенов көшесінде (Ұлы Дала даңғылынан Бұқар жырау көшесіне дейін) инженерлік желілерді орнату жұмысы аяқталды. Жарықтандыру бағаналары мен жиектастар қойылды. Қазіргі уақытта аумақты абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. Асфальттың алғашқы қабаты төселді. Жұмысты толықтай аяқтау қараша айына жоспарланып отыр. Әйтеке би көшесінде (Қ.Мұхамедханов көшесінен Сығанақ көшесіне дейін) жобаны жүзеге асыру жұмысы жүріп жатыр. Іргелес аумақты абаттандыру жүргізілуде. Жұмысты толық көлемде аяқтау биыл қазан айының соңына жоспарланған. Мұхамедханов көшесіндегі (Қорғалжын тасжолынан Айтматов көшесіне дейін) жұмыстар өткен жылы басталды, ал биыл жол қозғалысын қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұл ірі қиылыстардағы кептелісті азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда бүкіл учаске бойында жол жамылғысын төсеу жұмысы жүріп жатыр. 2025 жылы инженерлік желілер толықтай орнатылып, Қорғалжын тасжолына дейінгі қозғалыс қамтамасыз етіледі.

Рысқұлов көшесінің (Мәңгілік ел даңғылынан Нұра көшесіне дейін) аумағын абаттандыру жұмысы аяқталды. Жол бойына веложолақша салынды, сол сияқты Мәңгілік ел даңғылынан Қайсенов көшесіне дейінгі аралықта асфальттың үстіңгі қабаты төселді. Сонымен қатар, бағдаршам нысандары орнатылып, жинақталған блокты трансформаторлы қосалқы станса салынды. Жобаны толық аяқтау 2026 жылға жоспарланып отыр, – деді Жеңіс Қасымбек.

ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ ИГІЛІГІ

Астанада «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті. Елордадағы «Үркер» тұрғын үй алабында орналасқан №33 Келешек мектебінде болған журналистер жаңа білім ордасының жұмысын көзбен көрді.

Ержан ҚОЖАС

Аталған мектеп осы жылдың басында ашылған. Алғаш 700 балаға жуық баланы қабылдаған білім мекемесіне кешегі жаңа оқу жылында 1600 бала келіпті. 100 мұғалім өз мамандығымен жұмыс істеуде.

«Оқушылар бір ауысымда білім алуда. Ал түстен кейін қосымша білім беріледі. Үйірмелер, спорт секциялары тұрақты жұмыс істеп тұр. Бұған дейін осы тұрғын үй алабында жалғыз мектеп-гимназия ғана болған. Балалар үш



ауысымда сабаққа қатынайтын. Қазір бұл мәселе түбегейлі жойылды десек болады» дейді мектеп директоры Дана Оразалина.

Мектеп басшысының айтуынша, оқу ордасында инклюзияны қолдау кабинеттері бар. Яғни ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы заманауи жағдайларда білім алып, бейімделу мүмкіндігіне ие болуда.

«Заман талабына сай «Робототехника» үйірмесін аштық. Мұнда жасанды интеллект бағдарламалары қолданылады. Өнерлі оқушыларымыз «Домбыра», спортқа бейім балалар футбол, баскетбол, волейбол, шахмат және қазақша күрес секцияларына қатысады. Саз балшықтан құмыра жасау арқылы балалар шығармашылығын дамыту жолға қойылған» дейді ол.

Мектептегі балалар қауіпсіздігі – басты назарда. Бастауыш сыныптар бөлек есіктен кірсе, 5-11 сынып аралығындағы оқушылар ғимараттың басқа блогынан сыныптарына барады. Ең бастысы, мұндағы әр оқушының мектепке келген мен сабақты аяқтап, үйге қайтқаны жайында ата-аналарына SMS-хат жолданады екен.

Айта кетейік, өткен жылы Астана қаласында 16 «Келешек мектебі» ашылды. Ал биылғы жаңа оқу жылында тағы 7 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Қазір елордада барлығы 23 «Келешек мектебі» оқушыларға білім беруде.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылы 18 қыркүйекте сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақ енгізіледі:

1. «Астана қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 243/32-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қалалық мәслихат депутаттарымен кездесіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылады.

ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?



Жиында әрбір тұрғынды толғандыратын негізгі мәселелер қаралды. Соның бірі – әлеуметтік-экономикалық даму. Осыған байланысты елорда экономикасы тұрақты өсімді көрсетіп отырғаны, бюджет кірістері жоспардан асқаны айтылды. Бұл өз кезегінде әлеуметтік жобаларға – мектептерге, балабақшаларға, медицинаға және абаттандыруға көбірек қаржы салуға мүмкіндік береді.

Президент үш жылдың ішінде Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыруды тапсырғаны белгілі. Ал Астана үшін бұл – «ақылды» сервистерді енгізу, электрондық мемлекеттік қызметтерден бастап, көлік пен қауіпсіздікті интеллектуалды басқару жүйелеріне дейінгі жұмыстар.

Жиында шағын және орта бизнесті қолдау шаралары, жаңа өндірістерді ашуға жағдай жасау мәселелері талқыланды. Соның ішінде жаңа жұмыс орындарын ашу мен тұрғындардың табысын арттыруға назар аударылды.

Жолдауда айтылған тұрғын үйлердің сапасы, инженерлік желілер және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы ашықтыққа ерекше көңіл бөлінді. Талқыланған мәселелердің бірі – «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы. Атап айтқанда, аулаларды көгалдандыру, көшелерді абаттандыру, ауаның және судың тазалығын бақылау туралы айтылды. Отырыста қоғамдық көлікті дамыту және жолкөлік апаттарын азайтуға арналған жаңа шешімдер сөз болды. Ақылды бағдаршамдар мен заманауи жаяу жүргіншілер аймақтары жөнінде әңгіме қозғалды.

Сондай-ақ кездесуде депутаттар сайлаушыларды толғандыратын мәселелерді көтерді. Соның ішінде аумақтарды абаттандыру, тұрғын үйлер салу, инженерлік инфрақұрылым құру және тағы басқа бағыттар болды.

БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ – БАЯНДЫ БОЛАШАҚ

Жыл сайын Қазақстанда Отбасы күні қыркүйектің екінші жексенбісінде атап өтіледі, осыған орай Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясының камералық залында «Берекелі отбасы – баянды болашақ» атты салтанатты іс-шара өтті.



Шапағат ӘБДІР

Оған Астана қаласының ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов және қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов қатысып сөз сөйлеп, арнайы құттықтады.

– Қайырлы күн! Біздің ата-әжелеріміз – ардагерлеріміз, сіздер құрметке лайық жандарсыздар. Үлкен отбасының негізін қалап отырған сіздерді көріп, мен қатты қуанып отырмын. Расында да, қала басшысы Жеңіс Қасымбектің атынан сіздерге ыстық лебізімді білдіргім келеді. Сіздердің көрсетіп келе жатқан үлгілеріңізден біз үйренеміз. Ең бастысы, сіздердің қанаттарыңыз талмасын. Біз сіздерге қарап өсеміз. Сіздердің қырық, елу, алпыс жыл бойы отасқан сыйластықтарыңыз біздің жан дүниемізге рух береді. Сіздердің еңбектеріңіз бен басқан әрбір қадамдарыңыз – арттарыңыздан келе жатқан жастарға әрдайым үлгі, – деп атап өтті Нұрдәулет Әлмұханов.

Салтанатты шара барысында 55, 60, 70 жыл бірге отасқан өнегелі отбасыларға құрмет көрсетіліп, бағалы сыйлықтар табыс етілді. Іс-шара барысында елордамызда тұрып жатқан жарасымды 20 жұптың үлгі істері жастарға өнеге ретінде көрсетілді. Сондай-ақ ұзақ жыл отасқан мерейлі отбасылар жас жұптарға ақжарма батасын берді.

Олардың арасында 55 жылдан астам уақыт бірге отасқан 7 отбасы, 60 жылдан астам уақыт отасқан 11 отбасы және 70 жылдан астам бірге отасқан 2 отбасы бар.

Мәселен, Қабжан Біләлов ақсақалдың отау құрғанына биыл 71 жыл толады, олар жұбайы Қапиза апай екеуі 9 баланы өсіріп жеткізген, 24 немере мен 21 шөбере сүйіп отыр.

Сонымен қатар, марапатталғандар арасында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының белсенді зейнеткерлері Алтыбаевтар, Дүзбаевтар, Джайкбаевтар, Авиловтар, Нурумовтар мен Ахмединдер отбасы бар. Олар Орталықтағы сауықтыру, зияткерлік, көркем өнер мен қолөнер үйірмелерінің тұрақты қатысушылары, қоғам өміріне белсене араласып жүр.

Кеш барысында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының өнерпаз зейнеткерлері мерекелік концертін ұсынды.

№108 (4852) 13/09/2025 Сенбі



МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесіп, елордаының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға қатысты нақты міндеттерге тоқталды. Жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында көтерілген маңызды бағыттар мен мәселелер талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын талқылау барысында елордадағы білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау, кәсіпкерлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және басқа да бағыттарда цифрлық процестер қалай іске асырылып жатқаны туралы салалық басқарма басшыларының ақпараты тыңдалды.

Қала басшысы Мемлекет басшысының инвестиция тарту жүйесін толық жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу туралы тапсырмасына сәйкес, елорданың инвестициялық тартымдылығын арттыруды сөз етіп, Жолдауда экономиканы жаңғырту үдерісімен қатар адам капиталын дамытуға да ерекше назар аударылғанын атап өтті.

Президент жанындағы Ұлттық құрылтай және Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, академик Кәрімбек Құрманалиев Жолдауда айтылған адами капиталды дамыту бағытына тоқталды.

– Мемлекет басшысы жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс екенін атап өткені белгілі. Осыған байланысты Астана қаласындағы білім беру ұйымдары мен елордада орналасқан жетекші жоғары оқу орындарының ғалымдары арасында жасанды интеллект негіздерін меңгерту бойынша, яғни «Ғылым – Білім – Инновация» үштігі бірлесе отырып, адами капиталды дамытуға жұмыс істеу қажеттігіне байланысты төмендегідей ұсыныстарды енгіздік. Біріншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев суперкомпьютердің іске қосылуы еліміздегі негізгі салаларды цифрландыратын маңызды қадам екенін, бұл Қазақстанның цифрлық технологияларды дамытуда айтарлықтай өркендеуіне ықпал ететінін айтқан болатын. Еуразия ұлттық университетінде PARAM BILIM 2 суперкомпьютері ашылғанын жалпы жұртшылық жақсы біледі. Бұл жоба қазірдің өзінде жасанды интеллект, тілдік модельдер, үлкен деректер, заттар интернеті, кванттық технологиялар және постквантты криптографияны қоса алғанда, 30-дан астам ғылыми бағыттар бойынша модельдеу және аналитикалық есептеулер үшін қолданылады.Сондай-ақ халықаралық әзірлеушілермен суперкомпьютердің функционалдығын кеңейту туралы келіссөздер жүргізілуде. Ендеше Астана үшін де цифрлық даму мәселесін шешу үшін ғылыми жобаларға тапсырыс беру керек деп ойлаймыз. Жергілікті бюджеттен қаражат бөліп, елордалық ғалымдарды осы игілікті іске тарту тетіктерін қарастырған жөн деп санаймыз. Екіншіден, колледжден кейінгі білімді жалғастыру үшін IT саласында Жоғары оқу орындарының қысқартылған білім беру бағдарламаларына жергілікті білім грантын тағайындап, мамандар даярлаудың мәні зор деп есептейміз. Үшіншіден, «Жасанды интеллект технологиялары» білім беру бағдарламасы бойынша да қала үшін мамандар даярлау ісін жүйелі түрде жүзеге асырудың тетіктерін қарастырғанымыз абзал. Ендеше, Қазақстанның цифрлық ел болу стратегиялық мақсатына жету үшін өз үлесімізді қосайық, – деді Қоғамдық кеңес мүшесі.



Дмитрий ОСТАНЬКОВИЧ,
«Қазақстанның орыс, славян және казак ұйымдары қауымдастығы» бірлестігінің Астана қаласы бойынша филиалының жетекшісі:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

– Әлем жаңа мүмкіндіктерге де, күрделі сынақтарға да толы жаңа тарихи дәуірге аяқ басты. Бүгінгі таңда адамзат құндылықтар дағдарысы мен жаһандық өзгерістерге тап болып отыр, сондықтан рухани-мәдени дәстүрлерді сақтай отырып, ұлттық бірлікті нығайтып, елді заманауи технологиялар негізінде дамыту ерекше маңызды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында стратегиялық мақсатты – Қазақстанды үш жыл ішінде жасанды интеллект (ЖИ) өмірдің барлық салаларын: экономиканы, мемлекеттік басқаруды, денсаулық сақтауды, білім беруді және өнеркәсіпті жаңғыртудың негізгі құралына айналатын толыққанды цифрлық елге айналдыруды белгіледі.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру осы мақсатқа жетудегі маңызды қадам болмақ, ол осы саладағы жүйелі және тиімді жұмысты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, барлық цифрлық бастамаларды бірыңғай даму тұжырымдамасына біріктіретін «Digital Qazaqstan» ұлттық стратегиясын іске қосу жоспарлануда.

Елбасы білім саласына ерекше көңіл бөлді. АИ саласындағы құзіреттілікті қалыптастыру мектептен басталуы керек: арнайы бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді жасап, мұғалімдерді дайындау қажет. Бұл озық технологиялық шешімдерді қолданып қана қоймай, әзірлеуге қабілетті мамандардың жаңа буынын тәрбиелеуге көмектеседі.

Мемлекет басшысы атап өткен басқа да басымдықтардың қатарында: өңдеу өнеркәсібін дамыту, екінші және үшінші атом электр станцияларын салу, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, сондай-ақ көші-қон ағындарын есепке алудың цифрлық жүйесін енгізу.

Елбасы заңдылық, тәртіп пен ішкі бірлік – еліміздің тұрақты дамуы мен егемендігін нығайтудың негізі екенін ерекше атап өтті. Заманауи сын-қатерлер жағдайында Қазақстанның өркендеуінің кепілі болып табылатын тұрақтылық пен халық бірлігін сақтау маңызды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Мемлекет басшысының цифрлық трансформацияға, еліміздің тұрақтылығы мен дамуына бағытталған барлық бастамалары мен бастамаларын толығымен қолдайды және Қазақстанның ортақ игілігі мен гүлденуі жолында барлық этномәдени бірлестіктердің күш-жігерін біріктіре отырып, оларды жүзеге асыруға белсенді қатысуға дайын.



Әлия РҮСТЕМОВА,
Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР АЙҚЫНДАЛДЫ

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында денсаулық сақтау саласын дамытудағы бірқатар негізгі бағыттарға тоқталды. Атап айтқанда, денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңарту, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру және ауыл медицинасын модернизациялау мәселелері көтерілді.

Жаңа медициналық инфрақұрылым мынадай мүмкіндіктер береді:

• Заманауи емдеу жағдайлары – бұрын шетелге баруды қажет еткен жоғары технологиялы операциялар мен күрделі диагностиканы елімізде жасауға мүмкіндік туады.

• Мамандар даярлау – жаңа аурухана дәрігерлердің тәжірибеден өтуіне, білімін жетілдіруіне база болады, бұл кадрлық әлеуетті күшейтеді.

• Қолданыстағы клиникалардың жүктемесін азайту – науқастар медициналық көмекті уақтылы әрі сапалы алады.

• Өңірлік даму – жаңа жұмыс орындары ашылып, бизнеске қосымша серпін береді.

Бүгінде Астана қаласының тұрғындары мен қонақтарына 11 медициналық ұйым стационарлық көмек көрсетуде. Онда барлығы 4363 төсек-орын бар (ересектерге – 2807, балаларға – 1006, акушерлікке – 550).

Бас жоспардың демографиялық болжамына сәйкес, 2035 жылға қарай қала халқы 2,3 миллионға жетеді. 2015 жылдан бері ірі медициналық нысандар салынбағанын ескерсек, ал халық саны осы уақыт аралығында 800 мыңнан 1,5 миллионға дейін өсті. Соның салдарынан қазіргі таңда төсек-орын тапшылығы бар. Болжам бойынша 2027 жылға қарай қосымша шамамен 1400 төсек-орын қажет болады.

Қазіргі таңда елорданың емханалары шамадан тыс жүктememен жұмыс істеп отыр: жоспарлы қуаттылығы бір ауысымда 11 мың адамды қабылдауға есептелсе, іс жүзінде күніне 30 мыңнан астам азаматқа қызмет көрсетеді.

Осы мәселені шешу үшін алдағы 5 жылда 2 перинаталдық орталық, жаңа көпсалалы аурухана, №2 қалалық көпбейінді аурухана жанынан қабылдау-диагностикалық кешен, 2 мемлекеттік және 3 жекеменшік емхана, сондай-ақ 2 жедел жәрдем станциясын салу көзделіп отыр.

Бұл шаралар халықтың сұранысына жауап беретін заманауи әрі тиімді медициналық инфрақұрылымды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа көпсалалы ауруханының құрылысы – жай ғана медициналық нысан тұрғызу емес, ол ең алдымен ұлт денсаулығына және елдің болашағына жасалған инвестиция. Мұндай орталық әрбір азамат үшін қолжетімді жоғары технологиялы ем мен заманауи қызмет көрсетудің орталығына айналады.



Сындар ДАУЕШОВА,
Астана қаласы Білім басқармасы Әдістемелік орталығының басшысы:

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРЕДІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жасаған Жолдауы – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін, стратегиялық маңызы зор құжат. Бұл жолғы Жолдау білім саласына ерекше көңіл бөліп, нақты тапсырмалар жүктеді. Әдістемелік орталық өкілі ретінде айтылған әрбір бастаманың білім беру жүйесін жетілдіруге жол ашатынына сенімдімін.

Президент білім беру сапасын арттыруда цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды білім саласына енгізу нақты тапсырма ретінде айқындап берді. Бұл – біздің орталықтың күн тәртібіндегі басым бағыттардың бірі. Осы орайда біз мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету, оқу бағдарламаларына жасанды интеллект қолдана білу, тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру жұмыстарын күшейтетін боламыз.

Қазіргі заман талабына сай мұғалімдер мен оқушылар цифрлық сауаттылықты меңгеруі тиіс. Осы бағытта біз педагогтердің IT құзыреттіліктерін дамыту бойынша курстар, вебинарлар, тәжірибелік семинарлар ұйымдастыруды жалғастырамыз. Сондай-ақ Президент суды үнемдеу мәселесін көтеріп, бұл тақырыпты қоғамдық деңгейде талқылаудың маңыздылығына тоқталды. Бұл – өте орынды ұсыныс. Біз, мұғалімдер, оқушыларға суды үнемдеу, табиғатты қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында кешенді тәрбие жұмыстарын жүргізуіміз керек. Бұл тақырып оқу үдерісінде ғана емес, тәрбие сағаттарында, жобалық жұмыстарда да қамтылуы тиіс.

Жолдауда қоғамдық ортада өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру мәселесін орынды көтерді. Бұл – ел болашағы үшін аса маңызды. Қазіргі таңда қолға алынып жатқан «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы да осы мақсатқа негізделген. Бағдарламаның басты бағыттарының бірі – мәдениетті, тәрбиелі, елжанды, жасампаз тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндетті іске асыруда мектеп пен мұғалімнің, ата-ананың рөлі айрықша. Сондықтан біз балалардың бойына адамгершілік, жауапкершілік, сыпайылық пен парасаттылық қасиеттерін сіңіруге бағытталған тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуіміз қажет, оның ішінде жоғары мейірімділік пен мәдениетті тұлға қалыптастыру тек тәрбие сағаттарында емес, пәндік сабақтарда да айтылып, мұғалімдеріміз үлгі болу керек.

Жалпы, Жолдауда көрсетілген міндеттерді іске асыру – барша педагогтердің, оның ішінде әдістемелік орталықтардың ортақ жауапкершілігі. Алдымызда атқарылар жұмыстар көп, бірақ бастысы – мақсат айқын, бағыт дұрыс. Біз білім беру ісінің сапасын арттыру жолында аянбай еңбек етуге дайынбыз.



Мақпал МЫСА,
Астана қаласы «Жастар» театры директорының орынбасары:

МӘДЕНИЕТ ПЕН СПОРТ: ЖАҢА ДӘУІРДІҢ СҰРАНЫСЫ

– Жасанды интеллект заманы тек техника емес, біздің өмір салтымызды да өзгертіп жатыр. Бұл мәдениет пен спортқа да тікелей әсер етеді. Президенттің осы салаға көңіл бөлуі – формальды сөз емес. Шын мәнінде, елдің өркениетті бағыты мәдениет пен спортсыз анықталмайды.

Мәдениет – ұлттың айнасы. Бірақ бізде ол әлі де екінші қатарда жүр. Нақты қолдау, жүйелі саясат болмаса, өнердің жаңа тынысы ашылмайды. Дәстүрді сақтау – міндет, бірақ оны жаңа форматта ұсыну да қажет. Онлайн сахналар, жаңа медиа, цифрлық мүмкіндіктер – бұл қазірдің өзінде қажеттілік.

Спорт – тек кәсіби жарыстар емес. Балаларға арналған үйірмелер, қолжетімді алаңдар, қарапайым жаттығу залдары – қоғамның денсаулығын анықтайтын басты фактор. Кәсіби спортты жекешелендіру – дұрыс қадам. Мемлекетке толық арқа сүйеген спорт ешқашан тұрақты болмайды. Жеке секторды тарту керек.

Бірақ ең бастысы – ауылдағы қарапайым баланың да өнермен, спортпен айналысуына жағдай жасалуында. Біз көбіне орталықтағы жетістіктерді айтамыз, шет аймақ ұмыт қалады.

Жалпы шешім үш деңгейде:

Мемлекеттен – заң, қаржы, инфрақұрылым.

Қоғамнан – еріктілер, мәдени орта, қолдау.

Жеке адам – әрқайсымыздың үлесіміз (баламызды үйірмеге беру, театрға бару, спортпен айналысу).

Турасын айтқанда, мәдениет пен спорт бізде әлі «қосымша сала» сияқты қабылданады. Ал шын мәнінде, бұл – ұлттың сапасын анықтайтын басты көрсеткіш. Егер осыны түсініп, нақты қадам жасасақ – пафоссыз, нәтижелі жұмыс басталады.

Бұрын өскенде «ұшқыш боламын», «инженер боламын», «мұғалім боламын» дейтін қазақтың баласы қазір «блогер боламын», «коучер боламын», «инфлюенсер боламын» дейді. Өйткені ол да Instagram мен Tik-Tok-та қызылды-жасылды өмірін жарнамалап, жалғанды жалпағынан басып жүрген блогер, бизнес бапкер, коучер сияқты шалқып өмір сүргісі келеді.



АРЗАН АҚЫЛ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Төлен ТІЛЕУБАЙ

БЛОГЕР ӘЛЕУЖЕЛІДЕ ШАЛҚЫҒАН ӨМІРІН: ҚЫМБАТ КӨЛІГІН, ШЕТЕЛДЕГІ ДЕМАЛЫСЫН, МИЛЛИОНДАРЫН ШАШҚАН МЕРЕКЕЛЕРІН, БРЕНДТІК ЗАТТАРЫН ЖЫЛТЫРАТЫП КӨРСЕТІП, ЭЙФОРИЯДА ЖҮРГЕН АДАМНЫҢ «ЖАНДЫ ЖЕРІН» ТАП БАСАДЫ. «ӨМІРІМДІ ӨЗГЕРТЕМІН» ДЕП ТҰЗАҚҚА ӨЗІ ТҮСЕДІ. БҰЛ – АДАМДАРДЫҢ МИЫНА, САНАСЫНА ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН ШАБУЫЛ

АҚЫЛ САТҚЫШ БОЛЫП КЕТТІК...

Бүгінгінің бозбаласы мен бойжеткенінің көбі (бәріне топырақ шашудан аулақпын) ұйқыдан оянып я болмаса көзі ұйқыға барғанша әлеужелідегі бақытты, бай-қуатты блогердің, үлде мен бүлдеге оранған әншінің (шоу-бизнес өкілі) әлеужелідегі парақшасын көреді. «Егер сен мен құсап тез арада байып, қалағаныңша өмір сүргің келсе, «Табысымның кілті», «Қалай тез баюға болады?» деген курсымды сатып ал. Көп ұзамай сен де мендей боласың!» деген бейнежазбадағы сөзін естіп, парақшасына жазылады. Бұл – инфокәсіп арқылы арзан ақыл сатқыштардың аңқауларды тұзағына түсіретін тамаша тәсілі.

Әлеуметтік желі күмәнді курс сатқыштар мен алаяқ коучерлердің, пысықай психологтар мен қу тілді мотиваторлардың жыпырлаған жарнамасына (онлайн да, офлайн да сатады) толып тұр. «Тез баюдың жолын үйретемін», «Жылдам бақытты қыламын», «Баланды бір айда көшбасшы қыламын», «Тез арықтатамын», «Күйзелісті жеңуді үйретемін», «Маркетплейсте бизнес жүргізуді үйретемін», «Ескі заттардан құтылудың жолын үйретемін», «Самооценканды көтерудің жолдары қандай?», «Әйелдік нәзіктігіңді қайтаруға көмектесемін», «Өзіңді жақсы көруді үйретемін», «Бала сүюдің жолын көрсетемін», «Дәрігерсіз емделудің жолын айтамын» деп тізбектеліп кете береді. Ұлттық құндылықтардың құлдырағанынан шығар, қазір адамдар арзан ақыл сатқыштардың сөзіне сеніп, сан соғып қалып жатыр. Курсоголик деген термин пайда болды. Күдікті коучер, сапасыз сарапшының өнімін сатып алғыш адамдарды осылай атайды. Курсоголик қыз-келіншектер: «Мен ана блогердің үш курсын, мына әншінің екі курсын сатып алдым» деп мақтанып отырады. Бұл – рухани деградация. Біз шынайылықтан жасандылыққа, адалдықтан арамзалыққа әуес болып алдық. Адамдар неге ақыл сатқыш болып кетті? Осы мәселенің мәнісін ашуға тырысып көрейік.

«... АТЫҢ ШЫҚПАСА, КУРС САТ!»

Соңғы жылдары кейбір блогер, вайнер, инфлюенсерлер елге табысымен, танымалдығымен, іскерлігімен ғана емес, алаяқтығымен және арамзалығымен де танылып жүр. Сөзімізді дәлелді болуы үшін, қоғамды дүр сілкіндірген бірер деректі келтірейік. Алматының 20 тұрғыны блогер Жұлдыз Ақболаттың инфобизнес бойынша 70 күндік курсын сатып алған. Құны 500 мың теңгелік курсты 40 күн оқығаннан кейін, тыңдаушылар пайдасын көрмей, жоба авторына шағымданды. Инфобизнесте кәсіп бастамақшы болған қыз-келіншектердің дені банктен қарызға ақша алыпты. Блогердің «Pro-land» компаниясының заңгері тыңдаушылардың өзін кінәлап: «Студенттер 8 сабақтың 6-уын ғана тыңдаған. Біз өз міндетімізді орындадық» деп жауап беріпті. Одан әрі полицейлер дау-дамайды шешуге сотқа жолдады.

«Супермамасита» деген лақап атпен елге танылған алматылық блогер Әлия Байтоғаеваның әлеужелідегі парақшасына жазылушылары онлайн-курсының түк пайда әкелмегенін айтып, шу шығарды. Алданған адамдар полицияға шағымданған. Сол жолы полицейлер Әлияға қатысты шағым Қазақстанның басқа қалаларынан, тіпті ТМД аумағынан түсетінін ашық айтты. Ал блогердің өзі кінәсін мойындағанның орнына: «Абыройыма әдейі нұқсан келтіргісі келгендердің осыншама уақыт, ақша, күш-жігерін жұмсағанынан таң қалып отырмын» деп жазды. Онымен қоймай, 7 млн-ға жуық жазылушылары бар блогер «қызыл жіп» деген жобасын бастап, арзан ақылын 77 мың адамға сатты. «Осы қызыл жіпті сатып алсаңыз, қызмет сатысымен тез өсесіз, немесе тез сәбилі боласыз» деп сендірді тыңдаушыларын блогер. Ал арзан ақылға алданғандардың саны қаншаға жеткенін ешкім білмейді.

Танымал блогер Алтынай Дидарқызы «Wildberries-те бизнес жүргізуді үйретемін» деген курсын жариялап еді, бірден 30 адам сатып алды. Бірақ олар кәсіпсіз, ақшасыз қалды. Бір таң қаларлығы, Юлия есімді жәбірленуші Алтынайдың шотына курс үйретемін дегені үшін 15 млн теңгесін аударған. Тағы басқа екі әйел 100 млн теңге төлеп алған курстың түк нәтиже, пайда әкелмегенін айтып, зар жылады. Бұл оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Астанада өзін «онлайн сауда бойынша бизнес-бапкермін» деп таныстырған А. есімді әйел өзіне сенгендердің 50 миллион теңгесін алаяқтықпен қалтасына салғаны үшін сотталды. Тергеуден мәлім болғаны, күдікті Instagram арқылы тұтынушыларға онлайн сауда мен тауар сатып алу курстарын ұсынған. Курс біткенде тыңдаушыларға тұрмыстық техниканы көтерме бағамен сатуға ақша салуды ұсынып, инвестиция сомасының 10 пайызы көлемінде пайда түсетінін уәде еткен. Бірақ ақша жинап алған әйел аңқаулармен байланысын үзіп, ізін жасырған. Мемлекеттік айыптаушы сотқа айыпталушының кінәсін дәлелдейтін деректерді келтірді. Сот оларды жеткілікті деп танып, жалған бизнес үйретушіні 5 жылға бас бостандығынан айырды.

Астананың мамандандырылған ауданаралық сотында танымал блогер Ерболат Жанабілевке қатысты сот басталды. Отбасылық өмір, саяхат туралы оның курсын сатып алушылар лотореяға қатысушы болып, мол ақша, iPhone, автокөлік ұтып алады. Прокурорлар оның курсына сараптама жасап, уәде етілген мазмұнының жоқтығын анықтаған. Лотореяға 6 мың адам қатысып, әрқайсысы 30 мың теңгенің курсын сатып алған. Блогер бұдан 150-180 млн теңгеге дейін табыс табуы мүмкін. Сотта ол судьяның табысы туралы сұрағына жауап беруден бас тартты. Әкімшілік іс бойынша, егер оператор болып табылмайтын тұлға ұтыс өткізсе, Әкімшілік-құқық бұзушылық кодекстің 455-бабы бойынша 100 АЕК (393200 теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Келесі сот отырысы 15 қыркүйекте өтеді. Мұндай деректер аз емес.

ИНФОСЫҒАН ДЕГЕН КІМ?

Инфосыған деген сөздің сыған ұлтына қатысы жоқ. Ресейде 2010 жылдан бері курс, тренинг сатқан алаяқтарға қатысты қолданылып келеді.

Инфосығандық – интернеттегі жаңа ағым. Инфосығандар – интернетте, әлеуметтік желілерде ешбір құндылығы жоқ арзан ақылын (курс, семинар, тренинг, дәріс, кітап т.б.) сатып, аңқау адамдарды тақырға отырғызып жүрген арамзалар. Қазір инфосығандықтың етек алуына үш фактор әсер етті: білім алудың «сәнге» айналуы, жас ұрпақтың әлеуметтік желілерге тәуелділігінің артуы, адами құндылықтардың құнсыздануы. Шынын айтсақ, қазір жеңіл, жылтырақ, мәнсіз, мағынасыз нәрсеге үйірміз. Жеңіл жолмен байығыш блогерлер осы мүмкіндікті сәтті пайдаланып жүр. Instagram мен Tik-Tok-ты ашып қалсаң, түкке тұрмайтын нәрседен пранк жасау, миллионер-блогердің ұтыс ойындарына, онлайн-марафондарына қатысу – бұлардың бәрі жастарды елікгіріп әкетуде. Алғашқы аузынан шыққан сөзі: «Өзіңді өзгерт!», «Өміріңді өзгерт!», «Өзіңді жақсы көр!» дейтін ауа сатқыштар күйзелісте жүрген жандардың (ақшадан тарыққандар, тұрмыстан қажығандар, аурудан шаршағандар, жұмыстан жалыққандар, оңы мен солын айырмаған жастар) барлық мәселесін шешетін «әмбебап дәрі» ұсынады. Блогер әлеужеліде шалқыған өмірін: қымбат көлігін, шетелдегі демалысын, миллиондарын шашқан мерекелерін, брендтік заттарын жылтыратып көрсетіп, эйфорияда жүрген адамның «жанды жерін» тап басады. «Өмірімді өзгертемін» деп тұзаққа өзі түседі. Бұл – адамдардың миына, санасына жасалып жатқан шабуыл. Адал еңбек пен кәсіби машықты жоққа шығаратын, адами құндылықтардың жойылуына алып баратын зұлым күш.

ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

Алдымызда инфосыған тұрғанын қалай танимыз? Біріншіден, олар өзі және жетістігі туралы асырып айтады, айқайлап жеткізеді. Шын мәнісінде жетістікке жеткен адам бұлай жасамайды, тіпті онысын құпия ұстайды. Олар өз курсын сатып алып, толық игеріп, тез байып шыға келген адамды жұртқа көрсетеді. Үшінші белгісі – бірнеше бағытта курс сатады, өйткені олар тұтынушының сұранысы мен заманауи трендтерді жетік біледі. Тағы бір белгісі – қызыл сөзді сапырып сөйлейтін шешендігі, өз өнімін өткізудегі харизмасы, кәнігі сарапшының бейнесін сомдауы. Инфосыған алданбау үшін не істеу керек? Алдымен өмірдегі жеткен жетістіктерін тексеріп көріңіз. Шындығында да ол өз ісінің нағыз кәсіби шебері ме? Қандай білімі, жұмыс тәжірибесі, ғылыми атағы немесе ашқан жаңалығы т.б. бар? Кейде мұны білу де қиынға соғады. Жалған коучерлер өмірбаянын өтірік жазып, өтірік дипломдарының суретін көрсетуі мүмкін. Оның курсының нақты бағдарламасы, мазмұны бар ма екеніне көз жеткізіңіз. Егер де ондай нәрселер егжей-тегжейлі жазылмаған болса, жақсылап ойланыңыз. Шынайы дәріс жүргізетін маманның қолында бәрі болады. Ең маңыздысы, курс сатушы мен тұтынушының арасында тығыз, шынайы байланыс бар ма, соған назар аударыңыз. Ал жарнамаланған ақпарат тек аңқау, сенгіш адамдарға арналған ағын болса, оны да бірден аңғару керек.

Алаяқтың кім екенін білу үшін, интернетке кіріп, заңды мекенжайын, жұмыс кеңсесін іздеп көріңіз. Егер ондай кеңсесі болмаса, ол адаммен байланысудың қажеті жоқ. Инфосығанды нағыз кәсіби маманнан ажырататын бір тәсіл – тез арада, аз уақытта байып шыға келесіз деген сөзі! «Сіз осы курсты сатып алсаңыз, 3 аптада 1 миллион теңге табасыз!» дейді олар аңқаулардың аузын аңқитып.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Геннадий Шиповских, Сенат депутаты:



– Кейбір блогерлердің онлайн-казино, жалған ұтыс (гивтер), курстар және күмәнді қаржы айналымдарын насихаттауы кеңінен етек алып отыр. Бұл құбылыс халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатына айтарлықтай зиян тигізіп, жастар арасында құмар ойынға тәуелділік, отбасылық дағдарыс және көлеңкелі қаржы айналымының өсуіне әкелуде. Биыл 34 блогер онлайн-казиноны жарнамалап, соның 11-і әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Кейбірі бірнеше рет әкімшілік жазаға тартылса да, заңсыз әрекетін жалғастыруда. Себебі қарапайым айыппұлдар оларды тоқтатуға жеткіліксіз, заңсыз жарнамадан түсетін миллиондаған пайда төленген әкімшілік жазадан әлдеқайда асып түседі. Өтірік курстардың дені сапасыз, ғылыми негізі, пайдасы жоқ ақпарат ұсынады. Нәтижесінде, адамдар өз уақытын да, қаржысын да жоғалтып, күткен нәтижеге қол жеткізе алмайды. Бұл мәселе шешілуі үшін заңсыз онлайн-казино және күмәнді гивтерді жарнамалаған блогерлерге қолданылып жатқан әкімшілік айыппұлдардан бөлек, қылмыстық жауапкершілік тетігін толыққанды іске қосуды қарастырайық. Екіншіден, әлеуметтік желілерде жиі өткізілетін ұтыс ойындары мен гивтердің заңдылығын тексеру үшін арнайы мониторинг жүйесін енгізейік. Сондай-ақ блогерлердің жарнамалық қызметін реттеуге және заң алдындағы жауапкершілігін арттыру үшін оларды лицензиялау немесе арнайы реестр құруды ұсынамын.



Динара Наумова, Мәжіліс депутаты:

